

ӘОЖ 341.231:347.087:088 (574.54)

Г.Ш. Әшірбекова*, А.Қ. Әбдіразақова

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ.

*E-mail: ashirbekova_75@mail.ru

«Сары басылымдардың» типологиялық ерекшеліктері

Мақалада «сары басылымдарға» қатысты ғылыми тұжырымдар сарапқа салынып, олардың басты ерекшеліктері айқындалады. «Сары басылымдардың» тақырыптық, проблемалық қырлары, ақпаратты берудегі тәсілдері нақты мысалдармен дәлелденеді. «Сары басылымдардың» дизайны, түстерді үйлестіріп берудегі әдістері де назардан тыс қалмаған. Сондай-ақ қазақ тілінде шығатын «сары басылымдардың» тақырып қою, мәселе көтеру, қылмыстық оқиғаларды жазудағы кемшіліктері айтылады. Авторлар «сары басылымдардың» сапасын жақсарту үшін бірқатар ұсыныс білдірген.

Түйін сөздер: «сары басылым», сенсация, беллетристика, дизайн.

G. Sh. Ashirbekova, A.K. Abdrazakova

Subject peculiarities of «yellow press»

The article is analysed scientific views about specific peculiarities of «yellow press». With the help of concrete examples is argued subject, problematical aspects of information articles. Also, the authors have attention to the insufficiency of «yellow press», the problem of description criminal accidents. The authors give recommendations and suggestions to perfection of «yellow press».

Keywords: «yellow press», sensation, fiction, design.

Г.Ш. Аширбекова, А.К. Абдразахова

Типологические особенности «желтой прессы»

В статье анализируются научные взгляды на специфические особенности «желтой прессы». С помощью конкретных примеров аргументируются тематические, проблемные аспекты информационных статей. Вместе с тем, авторы останавливаются на недостатках «желтой прессы» в постановке тем, проблем, в описании преступлений и происшествий. Авторы приводят рекомендации и предложения по совершенствованию «желтой прессы».

Ключевые слова: «желтая пресса», сенсация, беллетристика, дизайн.

Introduction

Шетелдік журналистика тәжірибесінде «сары басылымдар» дегенді Р.Терри-Элмор «сенсациялық, сенімсіз, бульварлық хабарлама таратып, даурықпа, айқайлағыш тақырыптар мен суреттерге құмар баспасөз» [1, 48], – деп түсінеді. «Сары журналистика» ұғымы туралы Р.Изард, Х.Култбертсон, Д.Ламберт «жаңалықтарды сенсациялық сипатта өңдеуші» [2, 302], – деген пікір білдірген. Зерттеушілердің пікірінше, «сары басылымдар» – даурықпа сенсацияға үйір, өсек-аяңға құмар, түрлі-түсті анайы суреттерді жариялайтын білімі, қызығушылығы

мен талғамы төмен оқырмандарға арналған бульварлық баспасөз. Мұндай баспасөзде объективті-шынайы ақпарат принципіне қарсы өз мүддесі мен қаржылық жағдайы үшін жалданатын журналистер жұмыс істейді деген пікір қалыптасқан.

Қалай десек те бүгінге дейін «сары басылымдар» жайында тиянақты тұжырым немесе анықтама берілмеген. Осындай олқылықтар мен «сары» баспасөзге деген қызығушылықтың жоғары екендігі біздің зерттеуіміздің басты сұрағы болды. «Сары басылымдардың» таралымы да, түрі де сапалы және бұқаралық баспасөзден көп екені шындық. Сондықтан да

Қазақстанда шығатын «сары басылымдардың» ерекшеліктерін айқындаудың маңызы зор.

Main body

«Сары басылымдар» тыйым салынған ақпараттың үш түріне ерекше көңіл бөледі. Олар: жыныстық қатынас. Түрлі жалаңаш суреттерді жариялау арқылы оқырман көңілін өзіне аударуды мақсат етеді. Мұндай басылымдарға «Қылмыс пен махаббат», «Сен+Мен» және т.б. газеттерді жатқызуға болады. Аталған басылымдар «газетте берілген суреттер интернеттен алынды» немесе «берілген суреттің мақалаға қатысы жоқ» деген секілді ескертулермен түрлі суреттерді жариялауды әдетке айналдырған. Ресей мен батыста шығатын «сары басылымдарда» мұндай иллюстрациялық материалдарға белгілі фотомодельдер және оқырмандар арасында «ашық конкурсқа» қатысушылардың суреттері беріледі. Тіпті кейбір басылымдар мұндай суреттерге түсініктеме жазуды да үйреншікті әдіс деп біледі.

«Сары басылымдар» осының нәтижесінде жыныстық қатынас тақырыбын жазудың мәдениетін бұзады, атап айтқанда тыйым салынған тақырыпқа барудың өзі оқырманға психологиялық тұрғыдан кері әсер етеді.

Танымал тұлғалардың жеке өмірі – «сары басылымдар» қозғайтын негізгі тақырып. Аталмыш тақырыпты жазудың өзінде бірнеше мәселелерді ашып айтуымыз керек. Отандық құқықтық теория мен тәжірибеде «жеке адамның өміріне» деген қызық көзқарас қалыптасқан. Мәселен, сапалы басылымда бұл тақырып материал кейіпкерінің психологиясына үңілу арқылы немесе журналистік зерттеу әдістері арқылы көрініс табады. Көп жағдайда жеке адамның өміріне араласу дау туғызады. Алайда бір жағынан аудитория қажет еткен ақпаратты ұсыну болса, екінші жағынан зиянды құбылыстың беті ашылады. Бұл жағдайда ақпаратты жариялау құқығы мен жеке адамның өміріне араласу және қауіпсіздігін сақтау құқына байланысты қайшылық туындайды. Жеке адамның өміріне араласудың екі түрі бар: «жұмсақ» және «қатты». «Сары басылымдар» көбінесе екінші түрді көбірек пайдаланады. Мәселен, жақында ғана «Дат» газеті «Мадина Сәдуақасова жылу жинап жүр» деген ақпарат таратты. Bag.kz. ақпараттық порталында жарық көрген сұқбатынан «Мен көрермендеріммен тілдесіп, жан жылуын жинау үшін концерттерге

аттанамын», - деген сөйлемнен сенсация жариялап жіберген.

Құпия немесе төтенше жағдайда болған өлім тақырыбы да «сары басылымдарға» тән. Қылмыстық оқиғалар жайлы материалдар «сары басылымда» сенсация түрінде беріледі. Мұндай материалдарда болған жайдың анығына, шынайылығына көз жеткізіп, себеп-салдарын анықтау емес, оқырманның үрейін ұшыруды, қорқытуды мақсат етеді. Мәселен, «Жас Алаш» газетінде «Нұрсұлтанды қамап қойды» деген тақырыппен ақпарат жарияланды. Шын мәнісінде Алматы қаласы маңындағы заңсыз жер телімдерін алған бірнеше әйелдер өз жағдайларын айту үшін үкіметке барып, онда оларды заң қызметкерлері ішке кіргізбей қамап тастағаны айтылады. Солардың ішінде төрт жасар Нұрсұлтан есімді бала да болады. «Сары басылымдар» «түймедейді түйедей етіп» көрсетуге бейім. Бұл әдісті жасанды сенсация деп білеміз.

«Сары басылымдар» бірыңғай қорқытып, шошытуды мақсат етпейді, бір бетке әзіл-қалжыңды, бір бетке трагедиялық ақпараттарды беріп, екі жақты теңестіруге тырысады. Алайда аталмыш басылымдарда адам шошырлық қылмыстық оқиғалардың жарияланатынын ескерсек, оқырман ондай басылымнан тек қатыгездікке үйренеді. «Сары басылымдар» бұқаралық аудитория қызығушылық танытқан жалпыға ортақ нормалар мен түсініктердің бұзылуына аса көңіл бөледі.

«Сары басылымдардың» екінші бір қыры – сенсация. Төтенше оқиғаларға байланысты оқырманның эмоционалды әсерін туғызу мақсатында көрініс табады. Нағыз сенсация мен дау-жанжалдарды іздеу қоғамға қарсы жасалған шабуыл емес. Керісінше кез келген тіпті сапалы баспасөздің де болған оқиғаны дәлірек анықтау міндетін көрсетеді. Оқырманды мазалаған ақпарат белгілі бір жағдайда қоғамның бір саласына қатысты болса, ол қоғам үшін пайдалы.

Сапалы басылымдарға қарағанда, бұқаралық басылымдар оқырман назарын өздеріне аудару үшін сенсацияны жиі пайдаланады. Мұндай сипаттағы басылымдар тек эмоционалды әсер етуді ғана көздейді. «Сары басылымдар» ешқашан оқырманға ойлануға мүмкіндік бермейді, бірге әрекет етуге шақырады. Алайда «сары басылымдар» негізінен аудиторияның ашу-ызасын тудырып, қозғау салатындай сенсациялық ақпараттарды жариялайды. «Сары басылымдарда» жарық көретін мұндай жаңалықтар

көбіне жалған болып шығады. Сондықтан да ол шынайылықты көрсетпейді, керісінше оған ықпал етеді, тіпті оны бұрмалауға тырысады. Мұндай сенсациялық материалдарға толеранттылық қатынас жасап, аудиторияға кесірін тигізбеуді ойластыруымыз керек. Жалған сенсацияларды танымал газеттерден жиі кездестіреміз. Өйткені олар аудитория мен оқырман көңілін көтеруді ғана мақсат ететіндіктен, оны әдейілеп жасайды.

Осы жерде танымал әдебиетте оқырман жазылған жайдың шынайы өмірден алынбағанын біліп отырса да, ол кәсіби деңгейде жазылса, мәтінді оқып отырып, беллетристикада әсерге бөленетіндей өзгеше құбылыс пайда болды. «Сары басылымдарда» жарық көрген мұндай әңгімелердің авторлары барынша көркемдік құралдарды ұтымды пайдаланып, оқырман психологиясына әсер етуге тырысады. Махаббат, жұлдыздар өмірі тақырыптарына арналған материалдардан мұндай көркемдікті жиі кездестіреміз. Жасанды сенсация жасау әдісі бұқаралық әдебиет пен журналистиканың ортақ үйлесімділігін көрсетеді. Ең басты мәселе баспасөз шынайы дерек пен беллетристиканың арасындағы нақты айырмашылықты ажырата алмауында. Мұндай жағдайда оқырман үшін әсіресе оның сыни көзқарасы қалыптасып үлгермеген болса, ақиқат пен жалғандықтың аражігін ашу қиынға соғады. Журналистика өз бейнесін жоғалтып, шынайылықтан алыстайды. Санада жалған шынайылық қалыптасады.

«Сары басылымдарда» ақпараттық қызығушылықтың теңдігі сақтала бермейді. Ең басты жетіспеушіліктің бірі – ақпараттың жетімсіздігі, екінші жағынан – көптігі. Сенсациялық жарияланымға көпшіліктің назары көбірек аударылғандықтан, шынайы өмірдегі маңызды мәселелер тысқары қала береді. Керісінше ақпараттық шу көтеретін тақырыптарға бар күш-жігер жұмсалғандықтан, ол журналист ойлағаннан да көбейіп кетеді [3].

Үшіншіден, «сары басылымдардың» типологиялық ерекшеліктеріне тақырыптық эклектизмді жатқызуға болады. Сапалы газеттерде ақпараттың құндылығына қарай оларды көрсету немесе жариялау тәртібі айқындалған. «Сары басылымдарда» көпшілікті қызықтыру және өзіне тарту үшін «нольдік» ақпараттар немесе түрлі тақырыптар мен адамзат өмірінің әр түрлі саласына маңызды көптеген жаңалықтар араласып беріледі. Эклектизмге ұрынудың басты себебі «сары басылымдардың» эксклюзивті

материалдарға шектен тыс үйір болуы деуге болады. «Сары басылымдар» үнемі қадағалап отыратын нақты бір сала болмағандықтан, олар болып жатқан оқиғалардан стандартқа сай келмейтін ақпараттарды іздейді. Соның нәтижесінде санаға әсер ету, психологиялық тұрғыдан ықпал жасау жиі көрініс табады. «Сары басылымдардағы» эклектизмнің екі түрлі тәсілін айрықша атай аламыз.

Біріншісі, жойып жіберу. Маңызды оқиға мен көңіл аударуға тұрмайтын дүниелердің арасын теңестіріп жіберуге қол жеткізеді. Ақпаратты жариялауда бұқаралық коммуникация құралдары оның маңыздылығын өздері анықтайды. Бұл дегеніміз – қандай жаңалыққа ерекше мән беру қажеттігін журналист өзі таңдайды. Маңыздысын жойып жіберіп, болмайтын дүниеден маңызды мәселе тудыруға да болады. Мұндай тәсіл «сары басылымдарда» жиі жарияланады.

Екіншісі – басымдық беру тәсілі. Мәселен, «Жұлдыздар отбасы» журналында «Қызыма сырға салды» [5] деген тақырыппен З.Көпбосынов сұқбат берген. Сұқбатта әнші А.Керімбекова Заттыбектің қызына сырға салғандығы айтылады. Шын мәнісінде әнші өмірінде бұдан да қызықты оқиғалар болып жатыр емес пе?! Яғни бұл жерде қоғамдық маңызы шамалы материалға басымдық беріп, маңызды дүниелерді кейінгі ысыру. Ақпаратты тұтынушы санасында шынайы өмірдегі маңызды және көңіл бөлуге тұрмайтын ақпараттар арасындағы когнитивті үйлесімсіздік әсерінен оларды ажырату қиындығы туындайды.

Төртіншіден, мәтінге қосымша материалдарды «сары басылымдардан» айқын көруге болады. Әлемдік барлық БАҚ-да қолданылатын иллюстрациялық бейнелер сапалы басылымдарда ретімен мазмұнына қарай беріліп отырады. «Сары басылымдарда» безендіру ісіндегі түс, иллюстрация, тақырып айрықша мәнге ие. Дәл осы ерекшеліктер баспасөз тарихында «сары басылымдарда» алғаш рет қолданылып, түс арқылы екі түрлі қызметті атқаруға болатынын дәлелдеген. Біріншіден, айшықты түстер арқылы нақты материалдарды көрсетіп, нөмірді сатуға болады. Екіншіден, газеттің өзін жақсы безендіру арқылы өзгелерден ерекше етуге, сол арқылы оқырманды тарту мүмкіндігін иеленеміз. Бұл – жекке сатылым арқылы пайда табуды көздейтін «сары басылымдар» үшін ең маңызды мәселе.

«Сары басылымдардың» безендірілуінде стандартты қара және ақ түстерден бөлек, сары, қызғылт, қызыл, көк түстер жиі кездеседі. Көбінесе сарғыш, сары және көгілдір түстердің үйлесімділігі біз қарастырған басылымдарда көп қолданылады. Мұндай түстердің таңдалуы жайында психологтар олардың басқа түстерге қарағанда тартымды көрінетінін айтады [5, 16]. «Сары басылымдарда» фотоиллюстрациялар сапалы басылымдарға қарағанда өзгеше. Шындығына келгенде, «сары басылымдар» үшін фотожурналистика маңызды болып табылмайды. Мұндай басылымдарда нақты оқиғаның немесе жазылған жайдың нақты бейнесінің қажеті шамалы. Кейбір жағдайда ғана жекелеген оқиғалар бойынша нақты бейнелермен репортаждық иллюстрациялар беріледі. Бұл ақпаратты сурет «сары басылымдарда» дәлел ретінде пайдаланылады. Диаграмма, кесте, түрлі кескіндердің көмегімен дизайнер берілген материалды безендіріп қана қоймайды, оның маңыздылығын арттырады. «Сары басылымдар» мұндай маңыздылықтан гөрі тұтынушыға қарапайым әрі ыңғайлы ақпараттық кескінді жиі қолданады. Көп жағдайда олар материалды күлкілі етіп беруге тырысады. Бұл – материалдың жаңалығын, қол жетімділігін, көңіл көтеру секілді белгілерін жинақтап көрсетеді.

XIX ғасырдың аяғында пайда болған тақырыпты үлкен шрифттермен беру әдісі «сары басылымдардың» басты ерекшелігі десек болады. Екіншіден, тақырыпты үлкейтіп беру арқылы материалды оқуға шақырады. Тақырыпты ақпаратты және хабарлама, хабарлама көңіл көтеру түрінде беру әдісі кеңінен қолданылады. Мұндай хабарлама тақырыптар сапалы басылымдарда да жиі кездеседі. Олардың арасындағы айырмашылық тақырыптардың безендірілуінде. «Сары басылымдарда» тақырыптар көлемді суреттермен араластырып беріледі. Сонымен бірге «сары басылымдардағы» тақырыптар үнемі жалған мен шындықтың арасында беріледі. Өзін оқытуға қызықтырып тұрған тақырыптар оқырманды ойландыруға мүмкіндік бермейді. Кейде тақырып пен мәтін мазмұны мүлдем сәйкес келмей жататын да кездер болады. Қазіргі қазақ басылымдарында осы әдіс жиі қолданылып жүр.

«Сары басылымдар» тәжірибесінде үлкен шрифттер, фотосуреттерді батыл өзгерту, жалаңаш бейнелер, кішігірім мәтінге үлкен тақырып, түрлі түстер гаммасын пайдала-

ну дәстүрге айналған [6, 52]. Осындай әдістер арқылы «сары басылымдар» оқырманды қызықтыруды, өзіне тартуды ғана ойлайды. Шындығында бұқаралық газеттер нақты материалға деген пікірлерді қалыптастыруға емес, газетті сатып алуға мәжбүрлеуге ұмтылады. Соның нәтижесінде қарапайым бейнелеу тілі күрделеніп, онда көркем және публицистикалық тілдер араласып кетеді. «Сары басылымдардағы» кез келген мәтін көркемдеуші тәсілдерді пайдаланып, соңында түсінуге қиындық туғызатын де кездер аз емес.

«Сары басылымдардың» өзіне тән басты белгісі – аудиториямен байланысы. «Сары басылымдар» ең алдымен оқырманға бағытталып, көңіл көтеретін ақпарат беруді мақсат етеді. Сапалы басылымдар секілді белгілі бір мәселеге байланысты ойласуға, пікір алысуға шақырмайды. Адресат пен адресант арасындағы байланыс та өзгеше. Автор оқырманмен өзін теңестірмейді, қайта оған ойын ұсынып, оқырманның өз қажетіне қарай тұжырым жасауға итермелейді. Бұл орайда аудитория жайлы автор болжамы жоғары деңгейде емес. Аудиторияға деген сенімділіктен гөрі ұсынған материалды қабылдауға деген дайындық маңызды, – деп жазады Ресей журналистикасындағы табиодты басылымдарды зерттеген ғалым А.Монастырская [7, 16]. Біз жоғарыда «сары басылымдардың» типологиялық төрт ерекшелігіне тоқталдық.

Қазақ журналистикасын зерттеуші ғалым С.Қозыбаев: «Бульварлық баспасөзді «сары» және табиодты басылым деп жиі атайды. Салмақты мазмұны жоқ, талғамы төмен газет» десе, «бульварлық журналистиканы «сары басылымның» синонимі ретінде айтуға болады, алайда оны кейде «қара пиар», «лас пиар» деген анықтама береді. Адамгершілік қасиеттер жат әрекеттерге барғанда саяси лексикада қолданылатын «лас саясат» ұғымына ұқсас» [8, 42], – деген анықтама береді. Ал «сары басылымдарға» қатысты «қызығушылығы мен талғамы төмен адамдарға арналған өсек-аяң, сенсацияға құмар бульварлық-бұқаралық баспасөз» деп тұжырым жасайды [8, 130].

Results

Баспасөз зерттеушілерінің берген анықтамасына сүйене отырып, Қазақстанда шығатын «Айғақ», «Барыс», «Дода», «Күн мен түн» сияқты басылымдарды бульварлық басылымдарға

жатқызуға болады. Оларды негізгі тақырыбы – жыныстық қатынас. Қазақ тіліндегі газеттер аталмыш тақырыпқа келгенде шетелдіктерді басып озды десек артық айтпаймыз. Басылым беттерінен «Нағашысының ұлымен ойнаған қыз»[9], «Мысықтың ашынасы». Мұнда омырау мұлулығы бәйгесінен бастап адам айтқысыз іс-әрекеттерді авторлар көркем тілмен құмарта әңгімелейді. Тіпті эротикалық фильмдер сюжеттерін анайы тілмен суреттеуге және оны қазақы қалыпқа түсіруге әбден машықтанып алған.

Қылмыстық әлемге байланысты материалдарды беруде «сары басылымдар» алда келеді. Ең басты кемшілік – қылмыстық істер жайлы нақты деректер мен мәліметтерге сүйенбейді. Оқиға орны, объектінің нақты деректері мүлдем берілмейді. Мәселен, «Барыс» газетіндегі «Қастандықтың қасіреті» [10], «Айғақтағы» «Аталы ұлынан болған қария», «Мылтық асынған келіншек» деген тақырыптағы материалдар сөзіміздің дәлелі бола алады.

Қазақстандық «сары басылымдарда» қылмыстық істі жазуға машықтанған журналист жоқ. Жоғарыда аталған мақалалардың дереккөзі қайдан алынғаны белгісіз. Сондықтан да қылмыс болған жерден репортаж жазу немесе журналистік зерттеу жүргізу оңай шаруа емес, ал «сары басылымдардың» тілшілері осындай жағдайда батылдық танытып, тақырыпты ашып берсе нұр үстіне нұр болар еді. Сондай-ақ «сары басылымдарда» тақырыпты ойнату, құбылту болғанымен, көп жағдайда бір сарында беріледі.

Мәселен, «Келінін сатқан ене», «Көршінің күйеуін тартып алған кәрі қыз», «Тоқал мен бәйбіше» секілді тақырыптар оқырманын жалықтырып жібереді. Тақырып пен мазмұнның үйлесуі журналистің тіл шеберлігіне байланысты.

«Сары басылымдар» бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналған нашақорлық, сыбайлас-жемқорлық, ұрлық сияқты тақырыптарды ғана қозғайды. Бұл тұрғыдан «Қызық газет» нақты дәлел бола алады. Басылымның 15 беті толығымен бір ғана оқиғаға арналады. «XX ғасырдың соңғы қарақшысы», «Бұрынғы учаскелінің жан сыры», «Нашақор қыздың жан далбасасы» деген тақырыптардан көз сүрінеді. Аталмыш әңгімелер бірсарынды сюжет желісімен баяндалады. Қылмыстық оқиғалар туралы материалдарды «Жас Алаш» газетінен де жиі кездестіруге болады.

«Сары басылымдарда» көбінесе, халыққа танымал тұлғалардың жеке өміріне араласу басты ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Кейде әлем жұлдыздары жайлы ақпараттарды шетел басылымдарынан аударып беріп жатады. Өлбетте сөз еркіндігі бар қоғамда барлық мәселе жазылуы керек. Алайда қазақ журналистеріне әлі де болса шеберлік пен кәсібилік жетіспей жатады. Біздің ойымызша, демократиялық қоғам құру, ел қатарлы зайырлы мемлекет болу баспасөз ақпарат құралдарының жүгенсіздігімен іске аспауы тиіс. Қазақстандық «сары басылымдар» тек қазақ оқырмандарына арналғандықтан, ұлттық менталитетті ұмытпағаны абзал.

Әдебиеттер

- 1 Терри-Элмор Р. Словарь языка средств массовой информации США / Р. Терри-Элмор. – М.: Русский язык. – 1992.-С. 48.
- 2 Izard R.S., Culbertson H.M., Lambert D.A. Fundamentals of News Reporting. Dubuque: Kendall/ Hunt Publishing Co., 1990, P. 417.
- 3 Сазонов Е.А. Феномен «желтой прессы» // Научно-культурологический журнал №7 (109) 23 мая, 2005.
- 4 Құдайбергенова Ә. Өмірді кім үшін сүретінім айқындалды // Жұлдыздар отбасы. №7(145) сәуір, 2013.
- 5 Тулупов В.В. Российская пресса: дизайн, реклама, типология. -Воронеж, 1996. -112 с.
- 6 Грабельников А.А. Работа журналиста в прессе: Учеб. Пособие. -М.: РИП-холдинг, 2001.-273с.
- 7 Монастырская А.А. Таблоидная пресса в России (1990-2000 гг.): Автореф. дис. . канд. филолог. наук. – СПб., 2003. – 24 с.
- 8 Козыбаев С. Масс-медиа: Словарь-справочник /сер. «Отечественная журналистика». – Алматы. Экономика, 2007. -704 с.
- 9 Сырбай Б. Нағашысының ұлымен ойнаған қыз // Айғақ. 31 наурыз, 2011.
- 10 Айтуған С. Қастандықтың қасіреті // Барыс №52. 12 наурыз, 2011.

References

- 1 Terry-Elmor R. Slovar' yazika sredstv massovoi informacy USA/ R.Terry-Elmor. –M.: russki yazik.-1992. S.48.
- 2 Izard R.S., Culbertson H.M., Lambert D.A. Fundamentals of News Reporting. Dubuque: Kendall/ Hunt Publishing Co., 1990, P. 417.
- 3 Cazonov E.A. Fenomen gheltoi pressi // Naushno-kulturologisheski jurnal. №7 (109), 23 may. 2005.
- 4 Kudaibergenova A. Omirdi kim yshin suretinim aikindaldi // Zhuldizdar otbasi. №7(145) sayir, 2013.
- 5 Tulupov B.B. Rossiskaya pressa: disein, reklama, tipologia/ Boronej, 1996 -112S.
- 6 Grabelnikov A.A. Rabota jurnalista v presse: ycheb.pos. M: RIP-xolding, 2001. -273s.
- 7 Monastriskaia A.A. Tabloidnaia pressa v Rossi(1990-2000 g): avtoreferet diss. kand. filololog.nauk. –SPb., 2003. -24s.
- 8 Kozibaiev S. Mass-media: slovar-spravoshnik / ser. Oteshestvennaia jurnalistika. –Almaty. Ekonomika, 2007.-704s.
- 9 Sirbai B. Nagashisinin ulimen oinagan kiz // Aigak. 31nayruz, 2011.
- 10 Aitygan S. Kastandiktin kasireti // Baris №52. 12 nayruz, 2011.